

## Тыныштық күзетшілерінің мерекесі

Қазақстандық полиция күні еліміздің тыныштығын, тәртібін күзететін мамандық иелеріне деген барша қазақстандықтардың ризашылық белгісі іспетті. Сондай-ақ, бұл күні бейбітшілік уақытында еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, қоғамдық тәртібі үшін өз өмірін қиған қызметкерлерді еске алады.

Қазақстандық полиция Қазақстан Республикасы Президентінің қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қойған барлық міндеттер мен мақсаттарды табысты жүзеге асырып келеді.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында жыл сайын өтетін Қазақстандық полиция күніне арналған салтанатты мәжіліс биыл дәстүрден қалған жоқ. Аталған іс-шара алдында Академияның ардагерлері алаштың аяулы азаматы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (ІІ рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, халқының құрметіне бөленген Шырақбек Қабылбаевқа арналған мұражайға экскурсия жасады.



- Бүгінгі таңда, осындай құрметті тұлғаның есімі Академияға беріліп отыр. Біз оған өте қуаныштымыз. Академияның болашақ офицерлері аты аңызға айналған Шырақбек Қабылбаевтың өмір жолы, Отанға, еліне деген борышы, ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін жақсы үлгі ретінде

қызмет ететіндігіне сенімдімін - оқу ордасы ардагерлерінің бірі, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, отставкадағы әділет полковнигі Наталья Ким.

Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Ербол Қаппасов: академия ардагерлерін, профессорлық-оқытушылар құрамын және жеке құрамды қазақстандық полиция күнімен құттықтады және қылмыспен күрес қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау - полиция қызметкерлерінің кәсіби міндеті екенін айтты.

Полиция қызметкерлерін әрқашан олардың кәсіби шеберліктері, табандылығы мен қайсарлығы, өжеттілігі ерекшелеп тұрады. Бүгін мындаған қызметкерлер өзінің жоғары кәсіби мамандығына және қызметтік борышына адал, қоғам тәртібін қорғап, азаматтарда заңдылық күшінің сенімін қалыптастырып, адамдарға қиындықтарда көмек беріп, қызметін мінсіз атқарып жүр.

Академия тыңдаушыларына, яғни болашақ офицерлерге патриоттық сезімдерді жеткізуде, оларды адамгершілікке, Отанды, елін сүйуге, елінің аяулы да қырағы азаматы болып тәрбиелеуде жан-жақты көмек беріп, білім ордасының қоғамдық өміріне белсене ат салысқан ардагерлер академия бастығының грамотасымен марапатталып, оларға әсем гүл шоқтары тарту етілді.

Мерекелік іс-шара барысында қызметтік міндеттерін адал атқарып, бірқатар жетістіктерге жеткен Академия қызметкерлері ҚР ІІМ «ІО үздігі» кеуде белгісімен, медальдарымен грамота, алғыс хаттармен марапатталды.

Концерттік бағдарламада «Қазақстаным алға», «Туған жер» әндері орындалып, жиналғандар мың бұралған биді тамашалады. Қостанай облысы ІД қызметкері және «Патриоттық әндер» байқауының лауреаты Ербол Сейтмағамбетов «Сақшылар» әнін орындады. Сондай-ақ, оқу ордасының сәні мен, көркін келтірген тыңдаушы қыздардан құрылған «Дабылшы қыздар» взводы жуырда Астана қаласында өткен «Әскери керней» халықаралық фестиваліне қытысып, Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардияның бас қолбасшысы генерал – лейтенант Руслан Жақсылықовтың қолынан марапат алып қайтты. Олар академия ұжымына әртүрлі жанрдағы өнерлерін тарту етті.

Орынбасар Уақпаева  
Қазақстан Республикасы ІІМ  
Шырақбек Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясы  
баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы